1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=1,9 күкіртсутегі бойынша және ЕЖҚ=0% анықталды.

Орташа айлық шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлар бойынша 1,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі - 1,9 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. . Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, ол СИ=1,04 күкіртсутегі бойынша және ЕЖҚ=0% анықталды.

Орташа айлық шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлары 1,04 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендері бассейнінің ағысы Қырғыз Республикасының аумағында толығымен қалыптасады. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөркен а. 0,7 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 43,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады : магний – 37,9 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 47,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,0 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама п.Темірбек 0,5 км төменде: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,1 мг/дм³.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 18,0–27,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,00-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 7,27-9,48 мг/дм³, ОБТ₅ 1,07-2,62 мг/дм³, түсі 5-10 градус, мөлдірлігі 15-18 см аралығында, иісі – 0 баллды құрады.

Талас өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний– 33,6 мг/дм³, қалқыма заттар – 43,6 мг/дм³.

Асса өзенінің су температурасы 20,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 7,44 мг/дм³, ОБТ₅ 2,10 мг/дм³.

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 47,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Берікқара өзені су температурасы 15,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 8,71 мг/дм³, ОБТ₅ 2,53 мг/дм³, түсі 5 градус, мөлдірлігі 18 см, иісі – 0 баллды құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а. : су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 30,4 мг/дм³. Оттегінің химиялық тұтыну нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Билікөл көлінің су температурасы 26,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,05, суда еріген оттегінің шоғыры 7,53 мг/дм³, ОБТ₅ 9,5 мг/дм³, ОХТ – 56,0 мг/дм³, қалқыма заттар – 83,0 мг/дм³.

Шу өзенінің су температурасы 17,8 – 20,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 8,15 – 10,3 мг/дм³, ОБТ₅ 2,76 мг/дм³.

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 2 класқа жатады : ОХТ – 27,3 мг/дм³, мұнай өнімдері – 0,07 мг/дм³. Оттегінің химиялық тұтыну нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Ақсу өзенінің су температурасы 21,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 7,49 мг/дм³, ОБТ₅ 3,06 мг/дм³.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы 4 класқа жатады : ОХТ – 33,0 мг/дм³. Оттегінің химиялық тұтыну нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қарабалта өзені су температурасы 24,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры 7,22 мг/дм³, ОБТ₅ 5,96 мг/дм³.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы 4 класқа жатады: сульфаттар – 444,0 мг/дм³, ОХТ – 34,3 мг/дм³. Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, оттегінің химиялық тұтыну нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоқташ өзені су температурасы 21,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 7,22 мг/дм³, ОБТ₅ 3,64 мг/дм³.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 170,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы 21,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 7,32 мг/дм³, ОБТ₅ 4,96 мг/дм³.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 30,7 мг/дм³. Оттектің химиялық тұтынуының нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2020 жылдың тамыз айында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: 2 класс – Шу өзені; 4 класс – Талас, Берікқара, Ақсу, Қарабалта және Сарықау өзендері; 5 класс – Асса өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Тоқташ өзені (кесте 4).

2019 жылдың тамыз айымен салыстырғанда Талас, Шу және Қарабалта өзендері – жақсарған; Берікқара және Ақсу өзендері – нашарлаған; Асса, Тоқташ және Сарықау өзендері – айтарлықтай өзгермеген.

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., және шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-2,0 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербеті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті),



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=1,4 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 1,2 ШЖШ_{от.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғырлары 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртті сутегі – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі



Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, азот

				диоксидіозон (жербетті), күкіртті сутек, аммиак, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көш. 35	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.2-сурет. Аксай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол $СИ=2,7$ (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша №7 бекет аумағында және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры $1,4 \text{ ШЖШ}_{0.т.}$ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Азот диоксидінің максималды бір реттік шоғыры $2,7 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$ құрады, озон (жер беткі) – $1,2 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, күкіртті сутегі – $2,0 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая қ-сі, 16.	көміртегі оксиді, азот оксиді мен диоксиді, аммиак, озон



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,2 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.4 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 6 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені:

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 10,8-18,5°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,02-7,22 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы орта есеппен 11,35-11,42 мг / дм³, ОБТ₅ орташа 2,44-3,26 мг / дм³ құрады, түсі 12-14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16-18 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/л.

Шаған өзені:

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары. су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 24 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 19,0° С, сутек көрсеткіші 6,87-6,88 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 13,06 мг/дм³, ОБТ₅ 3,27 мг/дм³ құрады, түсі 12-15 градусқа дейін; мөлдірлігі -15-18 см, иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23,5 мг/л.

Деркөл өзені:

- тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 3 класқа жатады: магний-26,4 мг/дм³, аммоний-ион – 0,539 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,27 мг/дм³. Аммоний-ион және ОБТ₅ нақты концентрациясы фондық кластан асады. Магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 19 °С, сутегі көрсеткіші 6,96 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 13,06 мг/дм³, ОБТ₅ 3,27 мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16 см, иісі - 0 балл.

Елек өзені:

- тұстама Шілік ауылы: су сапасы 2 класқа жатады: хлоридтер – 330,09 мг/л. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Елек өзені бойынша су температурасы 11,5°C, сутегі көрсеткіші 7,35 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,35 мг/дм³, ОБТ₅ 2,44 мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16 см, иісі - 0 балл.

Сарыөзен өзені:

– тұстама Бостандық ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 595,56 мг/л. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Сарыөзен өзені бойынша су температурасы 21,5°C, сутегі көрсеткіші 7,25 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,38 мг/дм³, ОБТ₅ 2,41 мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16см, иісі - 0 балл.

Қараөзен өзені:

– тұстама Жалпақтал ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 1474,72 мг/л. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Қараөзен өзені бойынша су температурасы 20,8°C, сутегі көрсеткіші 7,22 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,38 мг/дм³, ОБТ₅ 2,41 мг/дм³ құрады, түсі 14 градусқа дейін; мөлдірлігі -16см, иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы тамыздағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 2 класс – Елек өзені; 3 класс- Деркөл өзені; 4 класс-Жайық, Шаған өзендері; нормаланбайды (>5 класс) – Сарыөзен, Қараөзен өзені (кесте 4).

2019 жылғы тамыз айымен салыстырғанда Шаған өзенінде су сапасы – нашарлаған; Деркөл, Елек өзендерінде – жақсарған; Жайық, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде судың сапасы айтарлықтай өзгермеген.

7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпак) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ)3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08 – 0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак)ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 1,9 Бк/м² аралығында болды. Облыс

бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады



7.4-сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8. Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа)	Қалқыма бөлшектер (шаң),

			Майқұдық)	күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол,формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратурааумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті),радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1 сур. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол СИ=9,0 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=13% (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №6 бекет аумағында анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Фенолдың орташа шоғырлары 1,6 ШЖШ_{о.т.} құрады, формальдегид – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, басқа лақтаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғырлары 3,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, PM-10 қалқыма бөлшектері және азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 9,0 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беткі) – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа лақтаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

8.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2 сур. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол $СИ=8,2$ (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша бойынша №2 бекет аумағында және $ЕЖҚ=7\%$ (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №3 бекет аумағында анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Қалқыма бөлшектері (шаң) орташа шоғыры $1,0 ШЖШ_{0,т}$ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары $1,4 ШЖШ_{м.б}$ құрады, күкірт диоксиді – $3,9 ШЖШ_{м.б}$, көміртегі оксиді – $1,8 ШЖШ_{м.б}$, азот диоксиді – $1,2 ШЖШ_{м.б}$, күкіртті сутегі – $8,2 ШЖШ_{м.б}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.3 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.3-кесте).

8.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді,озон (жербеті), күкірт диоксиді,күкіртті сутегі, аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол ЕЖҚ=8% (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектері бойынша №3 бекет аумағында және СИ=1,3 (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары 2,0 ШЖШ_{0.т.} құрады, фенол – 1,8 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, фенол – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)



8.4сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=3,8 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры 2,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Озонның (жер беткі) максималды бір реттік шоғырлары 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртті сутегі – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак,сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісін орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол $СИ=7,4$ (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында және $ЕЖҚ=47\%$ (жоғары деңгей) фенол бойынша №5 бекет аумағында анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары $1,3 \text{ ШЖШ}_{0.т.}$ құрады, күкірт диоксиді – $1,7 \text{ ШЖШ}_{0.т.}$, фенол – $3,3 \text{ ШЖШ}_{0.т.}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектері (шаң) және күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырлары $1,2 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$ құрады, көміртегі оксиді – $1,4 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, күкіртті сутегі – $7,4 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, фенол – $3,8 \text{ ШЖШ}_{м.б.}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 14 су объектісінде Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгірөзендері, Көкпекті, Сарысу; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балхаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері (Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз) жүргізілді:

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Нұра өзені:

- тұстама: «Ынтымақ ауылының автокөлік көпіріндегі Ынтымақ, 6км. төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,1 мг/дм³, фенолдар-0,003 мг/дм³.

- тұстама: «Ботақара ауылының автокөлік көпіріндегі Ботақара, 2км. төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,5 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³.

- тұстама: «Балықты т.ж. стансасы». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,1 мг/дм³, қалқыма заттар – 20,5 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³. Магнийдің, қалқыма заттардың және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары». Су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,5 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³. Қалқыма заттардың және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец– 0,109 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,003 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар– 0,002 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец– 0,115 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Нұра өз, Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны, Ақтөбе а. төмен өзен арнасы бойынша 4,8 км». Су сапасы 4 класқа жатады: Магний – 34,1 мг мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,6 мг/дм³ қалқымалы заттар – 25,4 мг/дм³, фенолдар-0,003 мг/дм³. Магнийдің, қалқыма заттардың және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Ақмешіт а., ауылдың шегінде». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,6 мг/дм³, фенолдар-0,002 мг/дм³. Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Нұра өз., Нұра к., ауылдан 2,0 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 39,0 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Нұра өз., Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,0 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Кендібай су құбыры ,6км Сабынды а. оңтүстік бойынша». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,5 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Нұра өз., Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 46,6 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³. Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 17,0 –24,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,89-8,66, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,83-11,27 мг/дм³, ОБТ₅–1,88-3,59 мг/дм³, түстілігі - 4,0-75 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,7 мг/дм³, фенолдар-0,002мг/дм³.

Самарқан су қоймасы

-тұстама: «Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар– 0,002 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-тұстама: «Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар– 0,002 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Самарқан су қоймасы- бойынша су температурасы 18,6-23,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,06-8,60, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,46-11,95 мг/дм³, ОБТ₅–2,04-4,12 мг/дм³, түстілігі - 31-44 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар– 0,002 мг/дм³.

Кенгір су қоймасы бойынша су температурасы 24,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,53, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,39 мг/дм³, ОБТ₅– 0,52 мг/дм³, түстілігі – 24градус; иісі – 0 балл.

-тұстама: «Кенгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кенгір өзенінен 0,1 км А 15». Су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,053 мг/дм³.Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қара Кенгір өзені:

- тұстама:«Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кенгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен» су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,048 мг/дм³. ОХТ -24,8 мгО/дм . ОХТ мен марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама:«Жезқазған қ. шегінде, Кенгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен». Су сапасы

нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 16,9 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион-1,16 мг/дм³, аммоний-ионның нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 23,8-24,8°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,88-8,84, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,60-9,08мг/дм³, ОБТ₅–0,63-1,51 мг/дм³, түстілігі – 27-149градус; иісі – 1 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы- 6,11 мг/дм³.

Сарысу өзені:

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 270 мг/дм³, магний – 234 мг/дм³, хлоридтер – 1042 мг/дм³.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 289 мг/дм³, магний – 271 мг/дм³, хлоридтер – 1067 мг/дм³.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 282 мг/дм³, магний – 275 мг/дм³, сульфаттар- 1719 мг/дм³, хлоридтер – 1180 мг/дм³.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 21,8-23,2°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші8,28-8,46судағы еріген оттегі концентрациясы 5,72-7,25мг/дм³, ОБТ₅–1,40-2,36 мг/дм³, түстілігі – 61-144 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 280 мг/дм³, магний – 260 мг/дм³, хлоридтер – 1096 мг/дм³.

Соқыр өзені:

- тұстама: «Соқыр өз., сағасы, Құрылыс а. маңындағы автожол көпірі». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,1мг/дм³, сульфаттар- 366 мг/дм³.

-тұстама: «Қаражар а. маңындағы автожол көпірібойынша сағасы». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,179 мг/дм³, хлоридтер – 372 мг/дм³. Марганец пен хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Соқыр өз. - су температурасы 17,6-22,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,75-8,20, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,83-10,63 мг/дм³, ОБТ₅ –2,56-3,78 мг/дм³, түстілігі – 51-77 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс):марганец – 0,151 мг/дм³.

Шерубайнұра өзені:

-тұстама: «Шерубайнұра өз., Шопа сағасы, Шопа а. шегінде». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар– 0,002 мг/дм³.

-тұстама: «Шерубайнұра өз., Қарағанды –Жезқазған автокөлікті мост трассасындағы Қара-Мұрын ауылы». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар– 0,002 мг/дм³.

-тұстама:«Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,165 мг/дм³, хлоридтер – 385мг/дм³.

Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шерубайнұра өз. - бойынша су температурасы 17,4-24,2°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,77-8,37, судағы еріген оттегі концентрациясы 4,78-10,8 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,22-3,43 мг/дм³, түстілігі – 8,75 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,114 мг/дм³.

Көкпекті өзені тұстама: «Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстама». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,106 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Су температурасы 17,4-22,4 °C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,22-8,36, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,86-9,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,60-3,76 мг/дм³, түстілігі – 32-36 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Шолақ көлінің** су температурасы 21,2 °C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,0 , судағы еріген оттегі концентрациясы 11,32 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,26 мг/дм³, ОХТ₅ – 31,6 мг/дм³, қалқыма заттар – 9,0 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 896 мг/дм³, түстілігі – 53 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Есей көлінің** су температурасы 19,0 °C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,24 , судағы еріген оттегі концентрациясы 10,80 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,26 мг/дм³, ОХТ₅ – 27,0 мг/дм³, қалқыма заттар – 20,8 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 1452 мг/дм³, түстілігі – 53 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Сұлтанкелді көлінің** су температурасы 20,5 °C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,74 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,43 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,26 мг/дм³, ОХТ₅ – 33,3 мг/дм³, қалқыма заттар – 19,0 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 1484 мг/дм³, түстілігі – 44 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Қоқай көлінің** су температурасы 20,8 °C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,92 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,43 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,26 мг/дм³, ОХТ₅ – 28,2 мг/дм³, қалқыма заттар – 20,0 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 1108 мг/дм³, түстілігі – 42 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Теңіз көлінің** су температурасы 21,2 °C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,40 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,89 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,26 мг/дм³, ОХТ₅ – 34,2 мг/дм³, қалқыма заттар – 32,0 мг/дм³ , құрғақ қалдықтар- 25045 мг/дм³, түстілігі – 22 градус; иісі – 0 балл.

Балқаш көлінің су температурасы 23,0-25,4 °C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,36-8,50 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,58-8,50 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,30-1,87 мг/дм³, ОХТ₅ – 2,21-63,6 мг/дм³, қалқыма заттар – 29-59 мг/дм³ , түстілігі – 4-27 градус; иісі – 0 балл.

Қарағанды облысы аумағындағы 2020 жылғы тамыз айы бойынша су объектілерінің сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесі түрде бағаланады: 2 класс: Кеңгір су қоймасы; нормаланбайды (>3 класс) Самарқан суқоймасы; 4

класс- Нұра өзені: нормаланбайды (>5 класс): Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кеңгір, Көкпекті өзендері (4 кесте).

2019 жылғы тамыз айымен салыстырғанда Нұра, Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, өзендерінде және Кеңгір су қоймасында айтарлықтай өзгермеді, ал Көкпекті өзенінде- нашарлады, Самарқан су қоймасының су сапасы жақсарды.

8.7 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың құрамы

2020 жылдың тамыз айында Нұра (Балықты т/ж стансасы), Самарқан және Ынтымақ су қоймаларында ихтиологиялық сынама алынды. Барлығы 1-3 жылдық 30 дара ағзалар алынды (5 кесте).

Балық етіндегі сынап мөлшерінің шекті жол берілген шоғыры:

- 0,3 мг/кг –жыртқыш емес тұщы судағы балық,
- 0,6 мг/кг - жыртқыш тұщы судағы балық.
- Балық етіндегі сынаптың мөлшерімүлдем болмауынан 0,22мг/кг дейін болды.

<Ынтымақ су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы судағы балықтағы сынаптың максималды мөлшері 0,028 мг/кг - 0,092 мг/кг, ал жыртқыш балық сынамасында 0,11мг/кг -дан 0,22 мг/кг дейн.

Нұра өзені, Балықты т/ж стансасы тұстамасындағы жыртқыш балықтағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,011мг/кг болды.

Самарқан су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың мөлшері 0,011 мг/кг,ал жыртқыш балық сынамасында 0,040мг/кг -дан 0,072 мг/кг дейн. (5 –кесте)

2020 жылғы тамыздағы кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері (морфометриялықсипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)

5-кесте

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (тамыз)					
1	Кәдімгі алабұға*	16,8	110,0	3+	0,006
2	Кәдімгі алабұға*	17,0	112,0	3+	0,006
3	Кәдімгі алабұға*	22,0	131,0	5+	0,010
4	Кәдімгі алабұға*	23,0	136,0	5+	0,011
5	Торта балық	12,8	40,0	3+	<0,005
6	Торта балық	13,4	40,0	3+	<0,005
7	Торта балық	13,0	37,0	3+	<0,005
8	Табан балық	17,0	155	3+	<0,005
9	Табан балық	17,3	151	3+	<0,005
10	Табан балық	26,5	390,0	4+	<0,005
Самарқан су қоймасы (тамыз)					

N p/c	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
11	Кәдімгі алабұға*	18,2	115,0	3+	0,066
12	Кәдімгі алабұға*	18,8	115,0	3+	0,072
13	Кәдімгі алабұға*	17,5	110,0	3+	0,040
14	Табан балық	16,6	145,0	3+	0,010
15	Табан балық	17,5	149,0	3+	0,011
16	Табан балық	16,9	142,0	3+	0,009
17	Табан балық	17,4	148,0	3+	0,011
18	Табан балық	18,5	157,0	3+	0,011
19	Торта балық	14,2	40,0	3+	0,009
20	Торта балық	15,4	49,0	3+	0,010
Ынтымақ су қоймасы (тамыз)					
21	Кәдімгі алабұға*	17,0	98,0	3+	0,11
22	Кәдімгі алабұға*	22,0	121,0	3+	0,13
23	Кәдімгі алабұға*	21,0	270,0	4+	0,22
24	Бозша мөңке	23,0	280,0	4+	0,054
25	Бозша мөңке	25,	316,0	5+	0,062
26	Бозша мөңке	26,0	345,0	5+	0,088
27	Бозша мөңке	26,0	342,0	5+	0,092
28	Табан балық	16,5	142,0	3+	0,032
29	Табан балық	16,0	143,0	3+	0,030
30	Табан балық	16,2	139,0	3+	0,028

* - ЖЫРТҚЫШ БАЛЫҚТАР

8.8 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы

Нұра өзені

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасында 3 түрі ғана кездесті. топтардың барлық түрлері әртүрлі пайыздық қатынаста кездесті. Ескекаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 69% құрады. Eucyclops serrulatus басым кездесті. Талшықмұртты шаяндар 26% көрсетіп, жалпы зоопланктон биомассасын құруға қатысты. Домалақ құрттар 5% ғана кездесті. Жалпы орташа саны 1,18 мың дана/м³, ал биомассасы 10,89 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,72 – 2,02 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,90 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар - 22%, жасыл балдырлар - 70%, көк-жасыл балдырлар - 8% жалпы биомассасын құрады. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Су сынамасындағы түрлер саны 14-28 аралығында болып, орташа сан 20 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,91 мың кл/см³,

жалпы биомассасы $0,06\text{мг/дм}^3$ тең болды. Жоғары сапроб индексі Нұра ауылы тұстамасында көрсетіп, 1,98 құрады. Орташа сапроб индексі 1,92, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенініңдегі перифитонның түрлік құрамы әртүрлі болды. Диатомды, жасыл, көк-жасыл, эвгленалы, пиррофитті, сонымен қатар тамыраяқтылардың түрлері кездесті. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ластанған аймақтарға "Сабынды ауылы" және "Жана Талап" ауылы тұстамалары (2,14;2,24) жатады. Сапроб индексі 1,80 – 2,24 аралығында болды. Орташа сапроб индексі 1,98. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің түпкі фаунасықалыпты дамып, ұлулар (*Bivalvia* және *Gastropoda*), жәндік дернәсілдері (*Insecta*), аз қылтанды құрттар (*Oligochaeta*), сүліктер (*Hirudinea*), шаянтәрізділер (*Crustacea*) кластарының өкілдерінен құралды. Зообентостың негізін β -мезосапробты организмдер, полисапробты және олигосапробты организмдер сирек кездесті. Орташа биотикалық индексі 5 тең болды. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу қорытындысы бойынша тірі қалған дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы – 97% болды. Тест-көрсеткіш – 3% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамасында 5 түрімен ұсынылды. Басты рөлді ескекаяқты шаяндар құрап, жалпы зоопланктон санының 67% құрады. Талшықмұртты шаяндар 33% көрсетті. Жалпы саны $2,00$ мың дана/ м^3 , ал биомассасы $17,3$ мг/ м^3 құрады. Сапроб индексі 1,93 құрады. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон нашар дамыды. Диатомды балдырлардың 95%, ал жасыл балдырлардың 5% жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны $1,1$ мың дана/ м^3 , жалпы биомассасы – $0,046$ мг/ дм^3 . Су сынамасындағы түрлер саны – 7. Сапроб индексі - 2,24. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі диатомды, диатомды және жасылалдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Cyclotella meneghiniana* және *Navicula cryptocephala*, ал жасыл балдырлардан *Closterium cornu*, *Pediastrum tetras*, *Scenedesmus arcuatus* түрлері жиі кездесті. Сапроб индексі 2,23. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-нысанның уыттылық әсері байқалмады.

Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 3% тең болды.

Қара Кеңгір өзені

Зоопланктон сынамасы орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар басым болып болып, жалпы зоопланктон санының 66% құрады. Талшықмұрттылар үлесіне 9%, домалақ құрттар үлесіне - 25% тиді. Сынамадағы түр саны - 4. Орташа жалпы саны $1,01$ мың дана/ м^3 , биомассасы $6,74$ мг/ м^3 . Сапроб индексі – 1,94, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон нашар дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 72% құрады. Жалпы саны мен биомассасы $1,27$ мың кл/ см^3 ,

0,061 мг/дм³. Сынамадағы түрлер саны – 8. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 2,18, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде өзен бойынша тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көреткіш 0%. Зерттелінген өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Зоопланктон орташа дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 67% құрады. Талшықмұрттылар 33% кездесті. Домалақ құрттар су сынамаcында кездеспеді. Жалпы орташа саны 0,75 мың дана/м³, ал биомассасы 6,75 мг/м³. Сапроб индексі 1,93, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды (25%), жасыл (69%) және көк-жасыл (6%) балдырлар кездесті. Жалпы саны 0,75 мың кл/см³, биомассасы 0,058 мг/дм³. Су сынамаcындағы түрлер саны – 27. Сапроб индексі 1,84, яғни, үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон диатомды, жасыл, көк-жасыл және пиррофитті балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Amphora*, *Cymbella*, *Stephanodiscus* түрлерінің туыстары басымдылық танытты. Жасыл балдырлардан *Coelastrum microporum* және *Cosmarium formulosum*; көк-жасыл балдырлардан: *Coelosphaerium kützingianum*, *Microcystis aeruginosa* және *Microcystis marginata*, ал пиррофиттілерден *Seratium cornutum* жиірек кездесті. Сапробиологиялық талдауға сәйкес, β-мезосапробты организмдер көп кездесті. Сапроб индексі 1,92, су класы – үшінші, орташа ластанған.

Зообентосты зерттеу кезінде су сынамаcында бүйіржүзгіштер (*Gammarus pulex*) мен бауыраяқты ұлулар (*Gastropoda*): *Lymnaea stagnalis* кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс – 5. Су класы – 3.

